

Тақырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым!»

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап дағдыландыру..

Көрнекіліктер: Ұлттық құндылыққа байланысты суреттер, баямақтар, “көлеңкесін тап” және “Тәуелсіздік тұғырым” ойындарының құралдары.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, шығармашылық ойынды-тапсырмалар.

Барысы:

- Балалар, біздің бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болмақ..Өйткені алдымызда 16 желтоқсан «Тәуелсіздік күні» мерекесі жақындап келеді. Яғни біздің тәуелсіздік алған күніміз. Біз бақыттымыз, зайырлы мемлекетте тұрамыз. Балабақшаға білім аламыз, демалу үшін арнайы ойын-сауық жерлерге барамыз, әдемі киімдер киеміз. Өйткені біз тәуелсіз елде тұрамыз.

Қазақстан Республикасының гимні орындалады.



Тәрбиеші:

-Кім айтады біздің еліміз қалай аталады?/ Қазақстан

-Мемлекетіміздің президенті кім?

-Қасым Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Көк аспанның түсі бар

Ортасында күні бар.

Қыран ұшқан қалықтап ,

Кімнің туы біліп ал. (Қазақстан мемлекетінің Туы)

Есімізге түсірейікші Туымыздың түсі қандай?

Мына суретте не бейнеленген?

Балалар: Ту. Көк.

Көк ашық аспанды білдіреді. Қыран құс-еліміздің тыныштығы мен тәуелсіздігінің белгісі. Ою-өрнек қазақ халқының өнерінің, шеберлігінің белгісі. Балалар ал мынау не?

- Елтаңба.

. Бұл Қазақстан Республикасының Елтаңбасы.

Шаңырақ-Қазақстан атты үйіміздің жарық түсетін саңлағы. Арғымақ- еркіндіктің белгісі. Масақ- тоқшылықтың белгісі. Жұлдыз-жол сілтеуші жарық белгі.

Балалар топтарға бөлініп, ойынды-тапсырмаларды орындайды.

1-топ: “Көлеңкесін тап” ойыны.

Ойын шарты: Еліміздің ұлттық құндылықтарына байланысты домбыра, киіз үй, торсық, рәміздер суреттерінің көлеңкесін тауып, орындарына орналастырады және атайды.



2-топ: “Мен бояймын” боямақ ойыны

Ойын шарты: Ортасында көк тудың суреті және жан -жағында гүл күлтелерінде боямақ суреттері берілген. Суреттердің атауын атай отырып , фломастермен бояп шығады.



3-топ: “Тәуелсіздік тұғырым” ойыны

Ортасында тұғырға орналастырылған бүркіттің бейнесі айналмалы етіп дайындалған. Шеңберде әртүрлі суреттер берілген. Балалар шеңберді кезектесіп айналдырып отырады. Шеңбер тоқтаған уақытта белгі қай суретті көрсетсе сол суретті тауып, атауын атайды және қоршап белгілейді



Балалар бүгінгі кеңейтілген ойын іс-әрекетінен алған әсерлерімен бөлісті.

Хор. «Менің Отаным –Қазақстан!

“Алпамыс” бөбекжай бақшасы КМҚК

Кеңейтілген ұйымдастырылған іс-әрекеті:

«Тәуелсіздік тұғырым»

Тәрбиеші: Тулегенова Г.М

Тобы: «Ғажайыптар әлемі» ортаңғы тобы

2025-2026 оқу жылы